

**Шалқар аудандық мәслихатының 2019 жылғы 4 қаңтардағы № 308 "2019-2021 жылдарға арналған Кішіқұм ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2019 жылғы 22 мамырдағы № 355 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 27 мамырда № 6191 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 109-1 бабына сәйкес, Шалқар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Шалқар аудандық мәслихатының 2019 жылғы 4 қаңтардағы № 308 "2019-2021 жылдарға арналған Кішіқұм ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3-13-226 тіркелген, 2019 жылғы 23 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1 тармақта:

1) тармақшасында:

кірістер – "57399,0" сандары "65316,3" сандарымен ауыстырылсын;  
трансферттердің түсімдері – "55404,0" сандары "63321,3" сандарымен ауыстырылсын;

2) тармақшасында:

шығындар – "58199,4" сандары "66116,7" сандарымен ауыстырылсын;

5-1 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"5-1. Ауылдық округтің 2019 жылға арналған бюджетіне республикалық бюджеттен мынадай ағымдағы нысаналы трансферттер түскені ескерілсін:

азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге - 11414,0 мың теңге;

мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің кейбір санаттарының жалақысын көтеруге – 1464,0 мың теңге.

Ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу Кішіқұм ауылдық округі әкімінің шешімі негізінде айқындалады.";

мынадай мазмұндағы 5-2 тармағымен толықтырылсын:

"5-2. Ауылдық округтің 2019 жылға арналған бюджетіне облыстық бюджеттен бала бақшаларды бейне бақылау жүйесімен жарақтандыруға 2373,3 мың теңге ағымдағы нысаналы трансферт түскені ескерілсін.

Ағымдағы нысаналы трансферттің сомасын бөлу Кішіқұм ауылдық округі әкімінің шешімі негізінде айқындалады."

2. Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Шалқар аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкінде және мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберуді;

3) осы шешімді Шалқар аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Шалқар аудандық  
мәслихатының сессия төрағасы

М. Ержанов

Шалқар аудандық  
мәслихат хатшысының  
міндетін атқарушы

Ж. Былқайыр

Шалқар аудандық мәслихатының 2019 жылғы  
22 мамырдағы № 355 шешіміне қосымша

Шалқар аудандық мәслихатының 2019 жылғы 4  
қаңтардағы № 308 шешіміне 1 қосымша

## 2019 жылға арналған Кішіқұм ауылдық округ бюджеті

Санаты		Сомасы, мың теңге
	Сыныбы	
	Ішкі сыныбы	
	Атауы	
	I. КІРІСТЕР	65316,3
1	Салықтық түсімдер	1846,0
	01 Табыс салығы	60,0
	2 Жеке табыс салығы	60,0
	04 Меншікке салынатын салықтар	1786,0
	1 Мүлікке салынатын салықтар	50,0
	3 Жер салығы	68,0
	4 Көлік құралдарына салынатын салық	1668,0
2	Салықтық емес түсімдер	149,0
	01 Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	149,0

	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	149,0
4		Трансферттердің түсімдері	63321,3
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	63321,3
	3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	63321,3
II. ШЫҒЫНДАР			66116,7
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	20181,4
	1	Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	20181,4
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	20181,4
		001 Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	20181,4
04		Білім беру	43628,3
	1	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	43628,3
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	43628,3
		041 Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	43628,3
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	180,0
	2	Әлеуметтік көмек	180,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	180,0
		003 Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	180,0
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	2127,0
	3	Елді-мекендерді көркейту	2127,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2127,0
		008 Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	656,0
		009 Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	321,0
		011 Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	1150,0
		III. Бюджет тапшылығы (профицит)	-800,4
		IV. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)	800,4
8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	800,4
	01	Бюджет қаражаты қалдықтары	800,4
	1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	800,4